

**«ЭЙР АСТАНА»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін
шоғырландырылған қаржылық есептілік

Мазмұны

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін басшылықтың жауапкершілігін растау	3
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	4-10
2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік:	
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп	11
Өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	12
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	13
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	14
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	15-16
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер	17-78

**2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН
БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН РАСТАУ**

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттары) жөніндегі Кеңеспен шығарылған ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Эйр Астана» акционерлік қоғамының және оның еншілес кәсіпорнының (бұдан әрі – «Топ») шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдың өзгеруін анық көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналар үшін жауап береді:

- есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдау мен қолдануды қамтамасыз ету;
- осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсінікті болуын қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын орындау пайдаланушылардың есептілікті сол немесе өзге мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Топ қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашу;
- Топтың болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сондай-ақ, мыналарға жауап береді:

- Топтың барлық бөлімшелерінде тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдіктегі ақпаратты беруге және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есепке алуды жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды мүмкін шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу.

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ басшылығы 2026 жылдың 13 наурызында мақұлдады және бекітті.

Топ басшылығының атынан:



Питер Фостер
Бас атқарушы директор

2026 жылдың 13 наурызы

Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Ибрахим Жанлыел
Қаржы жөніндегі
атқарушы директор

2026 жылдың 13 наурызы

Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Сауле Хасенова
Бас бухгалтер

2026 жылдың 13 наурызы

Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Эйр Астана» АҚ-ның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен басшылығына

Пікір

Біз «Эйр Астана» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі -«Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есеп, басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Топқа қатысты бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес қабылдаған *Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда)* (БХЭСК кодексі) сәйкес, жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға қатысты тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің басты мәселесі

Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды

Жолаушылар тасымалынан түскен түсім

Топтың жолаушылар тасымалынан түсетін түсімі туралы ақпарат бірнеше ақпараттық жүйеде, соның ішінде брондау жүйелерінде өңделетін құны төмен операциялардың айтарлықтай санынан қалыптастырылады. Түсімді өңдеу және мойындау процестері жоғары автоматтандырылған болып табылады және бекітілген тарифтік жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Біз бұл мәселені түсімді мойындау процесіне тартылған ақпараттық жүйелердің күрделілігіне, сондай-ақ түсімді бұрыс мойындау және бағалау тәуекелдеріне байланысты аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтадық. Түсім аудиті тиісті жүйелерді сәйкестендіру, сондай-ақ автоматтандырылған бақылау құралдарын бағалау және тестілеу үшін ақпараттық технологиялар («АТ») саласындағы мамандарды тартуды қоса алғанда, аудиторлық рәсімдер көлемінің ұлғаюын талап етті.

Біз брондау жүйелерінің және басқа АТ-жүйелерінің қызмет етуін қолдайтын жалпы АТ-бақылауларының дизайнын бағаладық және олардың операциялық тиімділігін тестіледік.

Біз деректерді жинауға және көрсетуге байланысты қолданбалы АТ-бақылауларын, сондай-ақ брондау жүйелерінде клиенттерге жазылып берілетін сомаларды есептеуге қатысты қолданбалы АТ-бақылауларын тестіледік.

Біз жолаушылар тасымалынан түсетін түсімді көрсету және мойындау үшін пайдаланылатын брондау жүйелеріндегі ақпаратты басқа АТ-жүйелерінде көрсетілген түсіммен салыстырдық.

Біз түсім, болашақ кезеңдердің кірістері, сауда дебиторлық берешек пен бухгалтерлік жүйеде көрсетілген ақша қаражаты арасындағы өзара байланысты талдадық.

Біз маршруттар/бағыттар бойынша түсімнің жылдық және ай сайынғы трендтерін талдадық және оларды жолаушылар ағыны көлеміндегі өзгерістермен салыстырдық.

Түсімді мойындауға қатысты есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *3-ескертпесінде*, ал түсім түрлері бойынша ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *7-ескертпесінде* көрсетілген.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві

Біз бұл мәселені шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервінің маңыздылығына, осы резервті есептеу негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне және басшылық қолданған елеулі кәсіби пайымдаулар мен бағалауларға байланысты аудит барысында аса маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырдық.

Елеулі жорамалдарға техникалық қызмет көрсету бойынша жасалатын жұмыстың күтілетін құны мен мерзімдері жатады. Қозғалтқыштарға қызмет көрсету бойынша күтілетін жұмыстардың мерзімі мен құнын бағалау үшін басшылық сыртқы сарапшыны тартты.

Топтың әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервіне қатысты есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсетуі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *3-ескертпесінде*, ал әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервтерінің түрлері жөніндегі ақпаратты ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *22-ескертпесінде* көрсетілген.

Біз түсімді есепке алу кезінде басшылық қолданған негізгі кәсіби пайымдауларды талдадық.

Біз Топтың түсімді мойындауға қатысты есеп саясатын бағаладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте түсімді мойындауға қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Біз әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервін, соның ішінде деректерді жинауды, бағалау процесін, сондай-ақ пайдаланылған жорамалдарды тексеруді бақылаудың тиісті құралдарын бағалау үшін басшылық қолданған процесс туралы түсінік алдық.

Біз басшылық тартқан сарапшының құзыреттілігін, кәсіби мүмкіндіктерін және объективтілігін бағаладық, сондай-ақ оның атқарған жұмысы, оның ішінде көлемі, қолданылатын әдістері мен негізгі болжамдары туралы түсінік алдық.

Біз басшылықтың сарапшысы дайындаған есептеулердің нәтижелерін зерттедік және олардың тиісті сипаты мен сенімділігін растау мақсатында сарапшының тұжырымдары мен қорытындыларының орындылығын және негізділігін бағаладық.

Біз резервті бағалау кезінде басшылық қолданған негізгі жорамалдарды талдадық.

Біз техникалық қызмет көрсету жұмыстарының күтілетін құнын нақты келтірілген тарихи шығындармен және қолданыстағы техникалық қызмет көрсету шарттарымен салыстырдық.

Біз есепті жылы резервті есептеу әдістемесін өткен жылы қолданылған әдістемемен салыстырдық.

Біз әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервіне қатысты шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашып көрсетуді талдадық.

Басқа да мәліметтер

Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін 2025 жылғы 13 наурыздағы бұл есептілік туралы түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

Топтың 2025 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2025 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2025 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит әрқашан болған жағдайда айтарлықтай бұрмалануды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір қалыптастыру үшін негіз ретінде ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі шаруашылық бірлікке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу мақсатында Топтың аудитін жоспарлаймыз және жүзеге асырамыз. Біз Топтың аудит мақсаттары үшін орындалатын аудиторлық процедураларды жалпы басқаруға, бақылауға және тексеруге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Пол Кон.

ТОО «Эрнст энд Янг»

Пол Кон
Аудит бойынша серіктес

Динара Малаева
Аудитор



Аудитордың 2016 жылғы 25 ақпандағы
№ МФ-0000323 біліктілік куәлігі

А15ЕЗН4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2026 жылғы 13 наурыз

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры



Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2, № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған шоғырландырылған
пайда немесе залал туралы есеп

мың теңге	Ескерту	2025 ж.	2024 ж.
Табыс және басқа да кірістер			
Жолаушылар тасымалы	7	721,046,502	585,810,042
Кері жалдаумен сату бойынша пайда	7	19,256,118	12,501,395
Жүк және пошта	7	14,272,406	12,413,214
Басқа кірістер	7	4,391,707	5,427,382
Жалпы табыс және басқа кірістер		758,966,733	616,152,033
Операциялық шығындар			
Жанармай		(173,137,790)	(143,373,122)
Персонал және экипаж шығындары	8	(136,144,112)	(106,675,293)
Тозу және амортизация	12	(119,792,081)	(88,717,693)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	8	(76,101,528)	(55,443,453)
Әуежай қызметтері және навигация	8	(73,605,152)	(56,732,135)
Жолаушыларға қызмет көрсету	8	(73,426,414)	(55,787,727)
Іске асыру шығындары	8	(26,630,517)	(20,777,116)
Сақтандыру		(7,057,271)	(6,013,245)
Ақпараттық технологиялар		(4,203,971)	(3,224,735)
Консультациялық, заңгерлік және кәсіби қызметтер		(3,088,882)	(3,874,604)
Табыс салығынан басқа салықтар		(2,931,190)	(2,043,010)
Мүлік және кеңсе бойынша шығындар		(2,525,083)	(2,200,684)
Әуе кемелерін жалдау шығыстары		(1,162,524)	(2,384,213)
Өзге шығындар		(13,311,137)	(6,582,456)
Операциялық шығындардың жиынтығы		(713,117,652)	(553,829,486)
Операциялық пайда		45,849,081	62,322,547
Қаржылық кірістер	9	11,633,517	10,376,957
Қаржылық шығыстар	9	(42,893,475)	(30,618,503)
Бағамдық айырмадан шығын, нетто		(4,142,993)	(9,939,963)
Салық салғанға дейінгі пайда		10,446,130	32,141,038
Табыс салығы бойынша шығыс	10	(3,423,268)	(6,618,444)
Жыл ішіндегі пайда		7,022,862	25,522,594
Бір акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда (теңге)	19	19.823	73.156

Топ Басшылығының атынан:



Питер Фостер
Бас атқарушы директор

2026 жылдың 13 наурызы
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Ибрахим Жанлыел
Қаржы жөніндегі
атқарушы директор

2026 жылдың 13 наурызы
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Сауле Хасенова
Бас бухгалтер

2026 жылдың 13 наурызы
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын 17-78 беттердегі ескертулермен бірге оқылуы керек.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге	Ескерту	2025 ж.	2024 ж.
Жыл ішіндегі пайда		7,022,862	25,522,594
Келесі кезеңдерде пайдаға немесе залалға қайта жіктелуге жатпайтын бағамдық айырмашылықтар		(7,550,846)	27,123,811
<i>Кейінгі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелуге жататын өзге жиынтық кіріс (салықты шегергенде):</i>			
Ақша ағындарын хеджирлеу - әділ құн өзгерістерінің тиімді бөлігі		88,861	179,683
Ақша ағындарын хеджирлеуге байланысты корпоративтік табыс салығы – әділ құн өзгерістерінің тиімді бөлігі		(17,772)	(35,937)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал	24	3,594,620	5,968,460
Хеджирлеу құралдары бойынша өткізілген таза шығын бойынша салық әсері	24	(719,028)	(1,193,786)
Табыс салығын шегергендегі бір жылдағы өзге жиынтық кіріс		2,946,681	4,918,420
Табыс салығын шегергендегі жылдағы басқа да жиынтық залал/(кіріс)		(4,604,165)	32,042,231
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс		2,418,697	57,564,825

Өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын 17-78 беттердегі ескертулермен бірге оқылуы керек.

мың теңге	Ескерту	31 желтоқсан 2025 ж.	31 желтоқсан 2024 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	11	604,500,136	558,341,061
Материалдық емес активтер		3,286,956	3,160,112
Берілген алғы төлемдер	15	10,275,403	10,287,430
Кепілдікті салымдар	13	22,723,574	20,319,131
Сауда және өзге дебиторлық берешек	16	839,685	330,819
Кейінге қалдырылған салық активтері	10	40,910,015	25,521,921
		682,535,769	617,960,474
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	14	43,686,386	34,724,999
Берілген алғы төлемдер	15	15,880,719	15,905,582
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		3,591,791	6,825,905
Сауда және өзге дебиторлық берешек	16	13,142,263	10,922,813
Өзге салықтар бойынша алдын-ала төлем	17	16,126,407	7,242,317
Кепілдікті салымдар	13	25,524,210	1,700,831
Басқа қаржылық активтер		122,844	158,583
Ақшалай қаражат және оның баламалары	18	239,053,004	256,622,307
		357,127,624	334,103,337
Активтер жиыны		1,039,663,393	952,063,811
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	19	56,758,223	56,758,223
Қосымша төленген капитал		48,996	48,996
Басқа резервтер		(691,711)	1,455,281
Сатып алынған акциялар		(2,624,585)	(3,952,306)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		34,332,765	40,842,148
Хеджирлеу құралдары бойынша резерв, салықты шегере отырып		(60,737)	(1,965,955)
Бөлінбеген пайда		98,936,355	113,985,260
Меншікті капитал жиыны		186,699,306	207,171,647
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	24	2,509,956	273,582
Жалға алу бойынша міндеттемелер	24	427,807,796	376,385,720
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	22	133,618,151	152,211,535
Қызметкерлер сыйақысы		619,780	429,540
		564,555,683	529,300,377
Ағымдағы міндеттемелер			
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	23	62,387,963	61,344,401
Қарыздар	24	316,967	29,406
Жалға алу бойынша міндеттемелер	24	100,151,054	90,259,057
Болашақ кезеңдердің кірістері	21	50,087,407	47,155,403
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	22	69,165,098	13,269,005
Төлеуге жататын табыс салығы		6,299,915	3,534,515
		288,408,404	215,591,787
Міндеттемелер жиыны		852,964,087	744,892,164
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		1,039,663,393	952,063,811
Акциялардың баланстық құны (теңгемен)*		518.190	579.763

* Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС - ке жатпайды және KASE талабы мен ережелері бойынша талданады.

Жай акциялардың саны 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сәйкесінше 353,948,253 және 351,887,760 болды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын 17-78 беттердегі ескертулермен бірге оқылуы керек.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге	Акционерлікка питал	Қазынашылық акциялар	Басқа резервтер	Қосымша төленген капитал	Хеджирлеу құралдары бойынша резерв	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2024 жылдың 1 қаңтары	2,501,550	—	—	48,996	(5,489,830)	12,323,792	87,599,957	96,984,465
Жыл ішіндегі пайда	—	—	—	—	—	—	25,522,594	25,522,594
Өзге жиынтық кіріс: Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал және жанармай бойынша колл-опциондардың әділ құны өзгерістерінің тиімді бөлігі, салық шегерісінен кейін	—	—	—	—	4,918,420	—	—	4,918,420
Басқа валюталардан қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмалар	—	—	—	—	(1,394,545)	28,518,356	—	27,123,811
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	—	—	—	—	3,523,875	28,518,356	25,522,594	57,564,825
Акциялар шығару (19-ескерту)	54,256,673	—	—	—	—	—	—	54,256,673
Шығарылым шығындары, жалпы (19-ескерту)	—	—	(1,386,266)	—	—	—	—	(1,386,266)
Сатып алынған қазынашылық акциялар (19-ескерту)	—	(3,952,306)	—	—	—	—	—	(3,952,306)
Акциялар бойынша есептелген акцияларға негізделген төлемдер (20-ескерту)	—	—	2,841,547	—	—	—	—	2,841,547
Меншікті капиталдағы басқа өзгерістер	—	—	—	—	—	—	862,709	862,709
2024 жылдың 31 желтоқсаны	56,758,223	(3,952,306)	1,455,281	48,996	(1,965,955)	40,842,148	113,985,260	207,171,647
2025 жылдың 1 қаңтары	56,758,223	(3,952,306)	1,455,281	48,996	(1,965,955)	40,842,148	113,985,260	207,171,647
Жыл ішіндегі пайда	—	—	—	—	—	—	7,022,862	7,022,862
Өзге жиынтық кіріс: Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал және жанармай бойынша колл-опциондардың әділ құны өзгерістерінің тиімді бөлігі, салық шегерісінен кейін	—	—	—	—	2,946,681	—	—	2,946,681
Басқа валюталардан қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмалар	—	—	—	—	(1,041,463)	(6,509,383)	—	(7,550,846)
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	—	—	—	—	1,905,218	(6,509,383)	7,022,862	2,418,697
Жарияланған дивидендтер (19-ескерту)	—	—	—	—	—	—	(19,070,084)	(19,070,084)
Акцияларға негізделген төлемдер бойынша үлестік құралдарға құқықтарды тарату (20-ескерту)	—	2,638,011	(2,701,168)	—	—	—	—	(63,157)
Сатып алынған қазынашылық акциялар (19-ескерту)	—	(1,310,290)	—	—	—	—	—	(1,310,290)
Акцияларға негізделген, акциялар бойынша есептелетін төлемдер бағдарламасы (20-ескерту)	—	—	716,658	—	—	—	—	716,658
Акцияларға негізделген төлемдер бойынша жойылған құқықтар	—	—	(162,482)	—	—	—	—	(162,482)
Меншікті капиталдағы басқа өзгерістер	—	—	—	—	—	—	(3,001,683)	(3,001,683)
2025 жылдың 31 желтоқсаны	56,758,223	(2,624,585)	(691,711)	48,996	(60,737)	34,332,765	98,936,355	186,699,306

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын 17-78 беттердегі ескертулермен бірге оқылуы керек.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы
шоғырландырылған есеп

мың теңге	Ескерту	2025 ж.	2024 ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Салық салынғанға дейінгі пайда		10,446,130	32,141,038
Түзетулер:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуына және амортизациясына	12	119,792,081	88,717,693
Негізгі құралдар мен қорларды сатудан түскен кіріс		(19,765,818)	(12,842,554)
Берілген алғы төлемдер, сауда дебиторлық берешек, кепілдікті депозиттер және ақша қаражаты мен оның баламаларының құнсыздануы бойынша резервтегі өзгерістер	13,15, 16,18	99,518	(539,856)
Өтпейтін тауар-материалдық қорлар резерві	14	974,856	165,712
Демалыстар резервінің өзгеруі	23	737,786	552,061
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервінің өзгеруі	22	56,083,052	44,656,280
Клиенттердің сенімділігі бағдарламасы бойынша резервтің өзгеруі	21	(399,634)	1,909,682
Бағамдық айырмадан болған шығын, нетто		4,142,993	9,939,963
Қаржылық кірістер		(11,620,329)	(10,241,249)
Қаржылық шығыстар		42,806,796	30,594,906
Әуе кемелерді мерзімінен бұрын қайтарудан түске кіріс		—	(1,270,825)
Меншікті капиталдағы басқа өзгерістер		(3,001,683)	—
Үлестік құралдарды есептей отырып, акцияларға негізделген төлемдер	20	486,126	2,841,547
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		200,781,874	186,624,398
Саудалық және өзге дебиторлық берешектердің өзгеруі		(15,580,510)	(842,175)
Алғы төлемдер мен берілген аванстардың өзгеруі		(10,518,655)	(4,788,757)
Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі		(11,545,615)	768,943
Сауда және өзге кредиторлық берешектің және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша резервтің өзгеруі		(35,643,483)	(8,373,871)
Болашақ кезеңдер кірістерінің өзгеруі		5,028,384	1,503,495
Басқа қаржылық активтердің өзгеруі		117,233	419,210
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		132,639,228	175,311,243
Төленген табыс салығы		(16,273,670)	(12,997,706)
Алынған сыйақы		11,616,872	10,223,843
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		127,982,430	172,537,380
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Негізгі құралдарды сатып алу		(28,099,418)	(45,980,710)
Кері жалдау арқылы қозғағышты сатып алу	7	72,809,952	42,484,321
Негізгі құралдарды сатудан түсімдер		1,865,305	1,283,449
Материалдық емес активтерді сатып алу		(748,206)	(1,775,326)
Банк және кепілдік салымдарын орналастыру		(29,722,963)	(5,972,685)
Банк және кепілдік салымдарын өтеу		1,460,982	1,428,975
Инвестициялық қызметтен алынған/ (пайдаланылған) таза ақша қаражаты		17,565,652	(8,531,976)

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын 17-78 беттердегі ескертулермен бірге оқылуы керек.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы
шоғырландырылған есеп

мың теңге	Ескерту	2025 ж.	2024 ж.
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Жалдау төлемдері	24	(100,122,612)	(90,134,893)
Төленген сыйақы	24	(34,750,891)	(25,826,796)
Кері жалға алу арқылы сатудан алынған қосымша қаржыландыру мен қарыздарды қайтару	24	(263,991)	(17,201,883)
Алынған қарыздар	7, 24	2,739,854	17,308,572
Қазынашылық акцияларды сатып алу	19	(1,339,060)	(3,952,306)
Қазынашылық акциялар бойынша есеп		(7,816)	—
Акциялар шығарудан түсетін түсімдер	19	—	54,256,673
Төленген дивидендтер	19	(19,070,084)	—
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(152,814,600)	(65,550,633)
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АЗАЮЫ/(ӨСУІ)			
		(7,266,518)	98,454,771
Шетелдік валютада ұсталатын ақша қаражаттарына айырбас бағамдары өзгерістерінің әсері		(938,384)	(1,350,109)
Күтілетін несиелік шығындар қозғалысының ақша қаражаты және оның баламаларына әсері		(1,042)	(939)
Басқа валюталардан аудару айырмашылықтары		(9,363,359)	34,966,417
ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	18	256,622,307	124,552,167
ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	18	239,053,004	256,622,307

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын 17-78 беттердегі ескертулермен бірге оқылуы керек.

1. Қызметінің сипаты

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы (бұдан әрі, «Компания») Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің анықтамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады.

Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 29 тамызындағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылдың 14 қыркүйегіндегі жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде 2005 жылдың 27 мамырында Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Компания «FlyArystan» АҚ (бұрынғы «Эйр Қазақстан» авиациялық компаниясы) АҚ еншілес кәсіпорнына (бұдан әрі – «Еншілес кәсіпорын») иелік етеді, ол 2019 жылдың қарашасында дауыс беретін акциялардың жүз пайызын сатып алу арқылы сатып алынды. Олар бірге «Топ» деп аталады.

2024 жылдың қазан айында Еншілес компанияға Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) FS коды беріліп, 2024 жылдың 31 желтоқсанынан кейін жоспарланған жолаушылар рейстеріне билет сату басталды. 2024 жылғы желтоқсанда Еншілес компания өзінің алғашқы чартерлік рейсін орындады. 2024 жылғы қазанға дейін Еншілес компания жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша операциялық қызметті жүзеге асырған жоқ. 2025 жылдан бастап Еншілес компания FlyArystan брендімен азаматтық авиация әуе кемелері арқылы жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қызметін жүзеге асыра бастады.

2025 жылдың маусым айында Топ 100% акцияларға иелік ететін «Air Astana Terminal Services» ЖШС еншілес компаниясын құрды. 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде еншілес компания ешқандай операциялық қызметті жүзеге асырмады және тиісінше, шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілетін ешқандай маңызды активтері, міндеттемелері немесе қаржылық нәтижелері болған жоқ.

Топтың негізгі қызметі жолаушылар үшін тұрақты ішкі және халықаралық әуе тасымалдарын ұсыну болып табылады. Басқа қызмет түрлеріне жүк және пошта тасымалы кіреді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ тиісінше 62 және 57 турбореактивті қозғалтқышы бар ұшақтар паркімен жұмыс істеді.

2024 жылдың 15 ақпанында Топ 54,256,673 мың теңге (121,112 мың АҚШ доллары) жинап, акциялардың алғашқы орналастырылуын («ІРО») аяқтады. Топ бір уақытта үш биржада тізімделеді: Қазақстан қор биржасы, Астана халықаралық биржасы және Лондон қор биржасы. Бастапқы орналастырудан басқа, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (толығымен Қазақстан Республикасы Үкіметіне тиесілі) және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» ЖШС акционерлері өздерінің акцияларын (немесе акцияларды білдіретін ЖДҚ) сатты, олардың акциялары сәйкесінше 41% және 16.95%-ға дейін қысқарды. ІРО-дан кейін басқа акционерлердің акциялары 10%-дан аз болды.

2025 жылдың 18 желтоқсанында «BAE Systems Kazakhstan Limited» ЖШС компаниясы шығарылған акция капиталының 10.1%-ын құрайтын 9,000 мың жаһандық депозитарлық қолхаттарын (ЖДҚ) сатты. 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша BAE Systems Kazakhstan Limited компаниясы шығарылған акция капиталының 6.85%-ын сақтап қалды.

2. Есеп негіздері

Қолданылатын стандарттарға сәйкестік туралы мәлімдеме

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (КЕХС қаржылық есептілік стандарттары) жөніндегі Кеңеспен шығарылған КЕХС қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды.

2. Есеп негіздері (жалғасы)

Функционалдық валюта және шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстанның ұлттық валютасы қазақстандық теңге («теңге») болғанымен, Компанияның функционалдық валютасы ретінде АҚШ доллары анықталған. АҚШ доллары Компания қызметінің негізінде жатқан негізгі оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық мән-жайын көрсетеді және Компания жұмыс істейтін негізгі экономикалық ортаның функционалдық валютасы болып табылады. Компанияның еншілес компаниясы FlyArystan-ның функционалдық валютасы ретінде АҚШ доллары анықталған.

Шоғырландырылған жылдық қаржылық ақпараттың баптарын бағалау үшін таңдалған валютадан басқа барлық валюталар шетелдік валюта ретінде қарастырылады. Тиісінше, АҚШ долларына жатпайтын транзакциялар мен қалдықтардың сомасы бухгалтерлік есептің тиісті стандарттарының талаптарына сәйкес АҚШ долларына аударылған.

Акционерлердің талабы бойынша Топ АҚШ долларымен және қазақстандық теңгемен ақпаратты ұсыну валютасымен қаржылық ақпараттың екі жиынтығын дайындайды, себебі акционерлер қос валюта да Топтың қаржылық ақпаратын пайдаланушылар үшін функционалды түрде пайдалы деп санайды. Топтың шоғырландырылған қаржылық ақпараты 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін теңгемен ұсынылған. Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер мыңға жуық дөңгелектелген.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау қағидаттары

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, әділ құны бойынша көрсетілетін кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, өзіндік құнның тарихи қағидаларына сәйкес жасалған, төменде түсіндірілген. Тарихи құн, әдетте, сатып алу күніндегі активтерге айырбасталған өтемақының әділ құны негізінде анықталады. Топ өзге жиынтық кірісті пайда немесе залал туралы есептен бөлек ашып көрсетеді. Төменде ұсынылған есеп саясатының негізгі ережелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге дәйекті түрде қолданылды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік Қазақстан теңгесінде ұсынылған және барлық мәндер, егер басқасы көрсетілмесе, мыңға жуық (мың теңге) дөңгелектелген.

Топ қаржылық есептілігін әдеттегідей жұмысын жалғастырады деген болжаммен дайындады.

Шоғырландыру қағидаттары

(i) Бизнесі біріктіру

Бизнесі біріктіру сатып алу әдісін, сатып алу күніне, яғни бақылауды Топқа өткізген күнгі жағдай бойынша есепке алынады.

(ii) Еншілес ұйымдар

Еншілес кәсіпорындар- бұл Топ басқаратын ұйымдар. Топ еншілес кәсіпорынды басқарады, егер Топ инвестициялар объектісіне қатысумен байланысты өзгеретін кірістермен байланысты тәуекелдерге тап болса немесе осындай кіріс алуға құқылы болса және осы кірістердің мөлшеріне әсер ету мақсатында осы кәсіпорынға қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болса.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі бақылау басталған күннен бастап бақылау тоқтатылған күнге дейін шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Еншілес ұйымдардың есеп саясатына оларды Топ қабылдаған есеп саясатына сәйкес келтіру қажет болған кезде түзетулер енгізілді.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Кірістер

Жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістер

Сатылған билеттер тасымалдау қызметі көрсетілгенде кіріс болып танылады. Сатылған, бірақ пайдаланылмаған ұшақ билетінің құны Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі есепте болашақ кірістер ретінде көрсетілген. Шоғырландырылған қаржылық жағдай жөніндегі есептің осы жолы жолаушылардың тасымалдануына қарай немесе жолаушы билетін қайтарғанда азаяды. Топ өткен жылдардың тарихи деректері негізінде пайдаланылмайтын немесе қайтарылмайтын сатылған билеттердің пайызына қатысты жолаушыларды тасымалдаудан түскен кірістерді таниды.

Топ саудасын билет сататын делдал ретінде әрекет ететін агенттер арқылы жүргізеді. Орта есеппен алғанда, дебиторлық берешек пайда болған сәттен бастап бір ай ішінде өтеледі. Ұшақ билеттерінің қысқа мерзімді сипатына байланысты Топ саудасының елеулі қаржылық компоненттері жоқ.

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен кірістерге басқа әуекомпаниялармен жасалған «code-share» келісімшарттары бойынша түскен кірістер кіреді. Бұл келісімшарттарға сәйкес Топ осы әуекомпаниялардың рейстеріне орындар сатады және бұл әуекомпаниялар да Топ рейстеріне орындар сатады. Басқа әуекомпаниялардың рейстеріне орын сатудан түскен кірістер Топтың пайда мен шығын құрамында нетто болып көрсетіледі, өйткені Топ осындай түрдегі келісімшарттарда агент рөлін атқарады. Топ рейстеріне басқа әуекомпаниялар сатқан билеттерден түскен кірістер жолаушылар тасымалынан түскен кірістер құрамындағы пайда немесе шығын ішінде көрсетіледі.

Алымдар мен салықтар сияқты әуежай қызметтерінен түскен түсім оған қатысты болған шығындардан бөлек көрсетіледі. Топ операция көлемі негізінде бағалайтын іс жүзіндегі әуежайлық шығындардағы өзгерістерге Топтың ұшырауы осы презентацияны түсіндіреді. Осылайша Топ агент ретінде емес, принципал ретінде әрекет етеді.

Жүк тасымалынан түсетін кірістер

Жүк тасымалдау қызметтері тасымалдау қызметі көрсетілген кезде кіріс ретінде танылады.

Клиенттер бейілділігі бағдарламасы

«Nomad Club» бағдарламасы бойынша қосымша ұпай алуды қарастыратын билет саудасы бір билетке енгізілген, орындалуға тиісті екі бөлек міндеттеме ретінде есептеледі. Мәміле бағасы тасымалдау қызметі мен ұпайлар арасында жеке-дара бағаларына сәйкес бөлінеді. Сатылған ұпайлар бойынша мәміле бағасы бастапқы сату сәтінде кіріс ретінде танылмай, болашақтағы кіріс болып көрсетіледі және Топтың орындау міндеттемелері толық орындалып, осы сый талап етілгенде түсім ретінде танылады.

Туристтік агенттіктердің комиссиялары

Жолаушыны тасымалдау қызметі көрсетілген кезде туристік агенттіктермен авиабилеттерді сатудан түскен комиссиялар шығын деп танылады.

Турагенттік комиссиялар тасымалдау қызметтерін көрсету кезінде шығыс ретінде танылады. Мұндай сыйақылар 15.91 ХҚЕС-на сәйкес келісім-шарт бойынша қосымша шығындарды білдірсе де, Топ 15.94 ХҚЕС талап ететін оңайлатылған тәсілді қолданады және бұл шығындарды туындаған жағдайда есептен шығарады, себебі базалық активтің күтілетін амортизациялық мерзімі бір жылдан аспайды.

Резервтеу бойынша шығындар

Резервтеу бойынша шығыстар туындаған кезде шығыс ретінде танылады, себебі Топ басқаша мойындайтын активтің амортизациялық мерзімі бір жылдан аспайды. Тиісінше, Топ 15.94 ХҚЕС-та қарастырылған жеңілдетілген тәсілді қолданады, бұл амортизацияның күтілетін мерзімі бір жыл немесе одан аз болса, келісімшарт бойынша қосымша шығындарды есептен шығаруға мүмкіндік береді.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Жалдау

Шарт басталған кезде ұйым келісімшарттың тұтастай алғанда немесе оның жекелеген компоненттерінің жалдау болып табылатындығын бағалайды. Келісімшарт жалдау болып табылады немесе егер келісімшарт иеліктен шығаруға айырбастау кезеңінде анықталған активтің пайдаланылуын бақылауға ауысса, жалдау компонентін қамтиды. Осы келісім бойынша анықталған активтің пайдаланылуын бақылау құқығының бар-жоғын бағалау үшін Топ ҚЕХС (IFRS) 16 сәйкес жалдау анықтамасын қолданады.

(i) *Топ жалдаушы ретінде*

Топ активті пайдалану құқығы және жалдау мерзімі басталған кезде жалдау міндеттемесі түрінде таниды. Пайдалану құқығы түріндегі актив бастапқыда тікелей шығындармен және бөлшектеу және бөлшектеу кезінде шеккен шығындармен ұлғайтылған, жалдау күніне дейін немесе жалдау күніне дейін жасалған жалдау төлемдерінің мөлшеріне түзетілген жалдау міндеттемелерінің бастапқы сомасы болып табылатын тарихи құны бойынша бағаланады. алынатын ынталандыру төлемдерін шегеріп тастағанда, базалық активтің қозғалысы, базалық активті немесе ол орналасқан жерді қалпына келтіру.

Кейінгі есепке алу, пайдалану құқығы түріндегі актив, егер жалдау шарты жалдау мерзімі аяқталғанға дейін немесе активтің бастапқы құны заң түрінде болса, жалдау күнінен бастап жалдау мерзімінің соңына дейін тікелей әдіспен амортизацияланады. пайдалану Топтың сатып алу опционын жүзеге асыруын көрсетеді. Мұндай жағдайларда пайдалану құқығы түріндегі актив негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады, ол негізгі құралдарға қолданылатын әдісті қолдану арқылы анықталады. Сонымен қатар, пайдалану құқығы түріндегі активтің құны құнсызданудан болған залалдар сомасына мерзімді түрде азаяды және жалдау міндеттемесін қайта бағалау кезінде түзетіледі.

Жалдау міндеттемесі бастапқыда жалдаудың басталу күнінде төленбеген, жалда белгіленген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған жалдау төлемдерінің дисконтталған құнымен немесе егер мұндай мөлшерлемені анықтау оңай болмаса, Топтың қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін қолдана отырып бағаланады. Әдетте, Топ қосымша қарыз қаражаттарын тарту мөлшерлемесін дисконттау ставкасы ретінде пайдаланады.

Топ әр түрлі сыртқы көздерден алынған пайыздық мөлшерлемелерге сүйене отырып, қосымша қарыз қаражаттарын тарту қарқынын анықтайды және жалдау шарттары мен жалданған активтің түрін ескере отырып белгілі бір түзетулер енгізеді.

Жалдау міндеттемесін өлшеуге кіретін жалдау төлемдеріне мыналар кіреді:

- Белгіленген төлемдер, оның ішінде нақты белгіленген төлемдер;
- Жалдаудың басындағы индексті немесе мөлшерлемені қолдана отырып өлшенген индекске немесе мөлшерлемеге байланысты өзгермелі жалдау төлемдері;
- Жалға алушыдан қалдық құнының кепілдігімен төлеуі күтілетін сомалар;
- Егер топ осы опцияны жүзеге асыратындығына жеткілікті сенімді болса, топ жалдау мерзімін ұзартуға арналған опцион түрінен туындайтын қосымша жалдау мерзімі ішінде жалдау төлемдерін, егер топ жалдау құқығын ұзарту опционын жүзеге асыратындығына жеткілікті сенімді болса. Жалдау мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін айыппұлдар, егер топ жалдауды мерзімінен бұрын тоқтатпайтынына жеткілікті сенімділік болмаса.

Жалдау міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Егер болашақ жалдау төлемдері индекстің немесе ставканың өзгеруіне байланысты өзгерсе, егер Топ қалдық құнының кепілдемесі бойынша төленетін соманы бағалау өзгерсе, егер Топ сатып алу опциясын, жалдау мерзімін ұзарту немесе сатып алу опционын қолдануды бағалауды өзгерткен болса. оның тоқтатылуы немесе егер жалдау ақысы нақты белгіленген болса, ол қайта қаралуда.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Жалдау (жалғасы)

(i) Топ жалдаушы ретінде (жалғасы)

Жалдау міндеттемесі осылайша қайта қаралған кезде, пайдалану құқығындағы активтің баланстық құнына тиісті түзету енгізіледі немесе егер пайдалану құқығындағы активтің қаржылық жағдай туралы есептік құны бұрын нөлге дейін азайтылған болса, пайдаға немесе шығынға қосылады.

Топ активтерді «негізгі құралдар» бабы бөлігі ретінде инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келмейтін пайдалану құқығымен, ал қаржылық жағдай туралы есепте «қарыздар» бабының жеке бөлігі ретінде жалдау бойынша міндеттемелерді ұсынады.

Топ құны төмен активтерді жалдау және қысқа мерзімді жалдау бойынша пайдалану құқығы активтерін және жалдау міндеттемелерін мойындамауды шешті. Топ осындай келісімдер бойынша жасалған жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде біркелкі әдіспен шығын ретінде таниды.

(ii) Кері жалдау және сату бойынша операциялар

Егер Топ активті басқа ұйымға берсе және активті сол кәсіпорыннан жалдайтын болса, Топ 16 «Жалдау» ҚЕХС-ына сәйкес беруді және жалдауды есепке алады.

Топ 15 ҚЕХС (IFRS) орындалуы бойынша міндеттеме қашан орындалатындығын анықтау үшін активті беру активті сату ретінде есепке алынғандығын анықтау үшін қолданылады.

Егер Топтың активті өткізуі 15 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкес келсе, оны активті сату ретінде есепке алу қажет. Топ активті Топта сақталған пайдалану құқығына жататын активтің алдыңғы қаржылық жағдай туралы есептік құнына пропорционалды негізде пайдалану құқығының нысаны ретінде бағалайды. Тиісінше, Топ жалға берушіге берілген құқықтармен байланысты кез келген кіріс немесе шығын сомасын ғана таниды. Егер активті сатуға арналған сыйақының әділ құны активтің әділ құнына тең болмаса немесе жалдау төлемдері нарықтық бағамға сәйкес келмесе, Топ сатудан түскен түсімді әділ құн бойынша өлшеу үшін келесі түзетулер енгізеді:

- (a) Нарықтағы кез-келген шарттар жалдау төлемдерін алдын-ала төлем ретінде ескерілуі керек және;
- (б) Кез-келген нарықтан жоғары шарттар сатып алушы-лизинг беруші сатушы-жалдаушыға қосымша қаржыландыру ретінде ескеріледі.

Кепілдік салымдар

Әуе кемесін жалдау келісімшартының талаптарына сәйкес әуе кемесін жалға берушілерге төленген соманы білдіреді. Бұл салымдар жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін Топқа қайтарылады. Операциялық жалдау шарттары бойынша кепілдік салымдар қаржылық жағдай туралы есепте активтер ретінде ұсынылған. Салымды бастапқы тану кезінде Топ бір мезгілде дисконт пен кейінге қалдырылған активті (қосымша жалдау төлемін) таниды. Дисконт жалдау мерзімі ішінде тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып амортизацияланады, ал кейінге қалдырылған актив жалға алу мерзімі ішінде тең мөлшерде амортизацияланады.

Шетелдік валютасындағы операциялар

Шоғырландырылған қаржылық есепті жасау кезінде Топтың компанияларының қолданыстағы валютасынан (шетел валюталарынан) өзге валютадағы операциялар операция жасалған күнгі бағам бойынша есепке алынады. Әр есепті кезеңнің соңында шетел валюталарында көрсетілген ақша баптары сол күнгі бағам бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген, әділ құны бойынша көрсетілетін ақшалай емес баптар әділ құн анықталған күнгі қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі. Тарихи құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын ақшалай емес баптар аударылмайды.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Шетелдік валютасындағы операциялар (жалғасы)

Келесі кестеде 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы АҚШ долларының айырбастау бағамдары туралы ақпарат берілген:

	Орташа курс		Есепті күнге арналған «спот» айырбас бағамы	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
АҚШ долларымен				
1000 теңге	1.92	2.13	1.98	1.9
Еуро (euro)	1.13	1.08	1.17	1.04
Ағылшын фунт стерлингі (фунт)	1.32	1.28	1.34	1.25

Келесі кестеде 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қазақстандық теңгенің айырбас бағамдары туралы ақпарат берілген:

	Орташа курс		Есепті күнге арналған «спот» айырбас бағамы	
	2025 ж.	2024 ж.	2025 жылдың 31 желтоқсаны	2024 жылдың 31 желтоқсаны
теңгемен				
АҚШ доллары (АҚШ доллары)	521.59	469.44	505.53	525.1
Еуро (euro)	590.15	507.86	591.68	546.47
Ағылшын фунт стерлингі (фунт)	687.92	600.27	679.37	659.08

Қаржылық кірістер мен шығыстар

Қаржылық кірістер банк салымдарынан түскен сыйақылар мен пайда мен шығын арқылы қаржы құралдарынан түскен пайдадан тұрады.

Топтың экономикалық пайдаға қол жеткізу ықтималдығы жоғары болса және кіріс көлемін нақты анықтау мүмкін болса, қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер танылады. Пайыздық кірістер қаржылық активтің (пайызды есептемегенде) баланстық құнынан және тиімді пайыздық мөлшерлемеден есептеледі, ал ол танылу сәтінде осы активтің баланстық құнына дейін қаржылық активті өтегенге дейін күтілген болашақ ақшалай кірістердің дисконтталуын қамтамасыз ету үшін есептеледі.

Қаржылық шығындар сыйақы шығындарынан, банк комиссияларынан, пайда мен шығын арқылы қаржы құралдарынан туындаған шығындардан құралған. Жоспарлы пайдалану мен сатуға дейін дайындығы үшін біршама уақыт қажет болатын активтерді сатып алуға, құруға немесе жасауға тікелей байланысты болған қарыздар бойынша шығындар жоспарлы пайдалануға немесе сатуға дайын болғанша сондай активтердің құнына енгізіледі. Қарыздар бойынша өзге барлық шығындар пайда болуына қарай пайда мен шығындарда көрсетіледі.

Белгілі қарыздар бойынша олардың жіктелген активтер құрамында танылуына дейін уақытша ақша құюдан алынған инвестициялық кіріс капиталға айналдыратын қарыз қаражатынан шегеріледі.

Қызметкерлер сыйақысы

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар бойынша міндеттеме сомасын анықтау кезінде дисконттау қолданылмайды және тиісті шығындар қызметкерлердің қызмет көрсетуі бойынша танылады. Қызметкер жұмысы нәтижесінде Топтың мұндай сыйақыны төлеу бойынша қазіргі заңды міндеттемесі бар болса және осы сыйақы мөлшерін жеткілікті нақтылықпен бағалау мүмкін болса, резерв қысқа мерзімді бонустар мен Топ пайдасының бонустары бойынша күтілген төленетін сыйақы мөлшеріне сай жасалады.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Табыс салығы

Табыс салығы бойынша шығын ағымдағы төлеуге жататын салық, ағымдағы кезеңде төленген салық және кейінге қалдырылған салықтардың сомасынан тұрады. Қазіргі табыс салығы есептік жылдың салық салынатын пайдасына негізделген. Салық салынатын пайда мен шығындарда көрсетілген таза пайдадан өзгеше болады, себебі соңғысы басқа жылдарда салық салынуға мен шегерілуге тиісті кірістер мен шығындарды қамтиды, сондай-ақ таза пайдаға салық салынбайтын немесе шегерілмейтін баптар кіреді. Қазіргі табыс салығы бойынша Топтың міндеттемесі есептік күні қолданылатын немесе көбінесе қолданылатын салық мөлшерлемесін пайдаланып, бір жыл бойынша салық салынатын кірістен төленетін күтілген салық болып табылады.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есеп-қисапта көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақыттық айырмаларға және салық салынатын кірісті есептегенде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректеріне қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте салық салынатын барлық уақыттық айырмаларды есепке алып көрсетіледі. Осы уақыттық айырмаларды пайдалануға жеткілікті салық салынатын кірісті болашақта алудың ықтималдылығы жоғары болған жағдайда, кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін барлық уақыттық айырмаларды ескеріп көрсетіледі. Уақыттық айырмалар салық салынатын және бухгалтерлік кіріске әсер тигізбейтін мәмілелер шеңберінде пайда болса, салық активтері мен міндеттемелері қаржылық есеп-қисапта көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әр есептік кезеңнің аяғында қайта қаралып, осы активтерді толық немесе бөліп пайдалануға жеткілікті болатын салық салынатын кірісті болашақта алу ықтималдылығы енді жоғары болмаса төмендетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері есептік күнде қолданылған салық мөлшерлемелеріне (салық заңына) сай актив іске асырылатын немесе міндеттеме өтелетін есептік кезеңіне қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша өлшенеді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есебінде Топ есептік күні тиісінше өз салық активтерін немесе міндеттемелерін өтейді немесе іске асырады деп күтуі нәтижесінде туатын салық салдар көрсетілген.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері бар ағымдағы салық міндеттемелерін өтеу есебіне ағымдағы салық активтерін есепке алудың заңды негізделген құқығы болған кезде және олар бір салық органы есептеген табыс салығына қатысты болған кезде және Топ өзінің салық міндеттемелері мен активтерін нетто негізде есепке алуға ниеттенген кезде өзара есепке алынады.

Қазіргі және кейінге қалдырылған салықтар өзге жиынтық кіріс немесе капитал құрамына тікелей жатқызылатын баптарға жатқызылатын жағдайлардан басқа кезде, олар пайда мен шығындарда танылады. Бұл жағдайда қазіргі және кейінге қалдырылған салықтар тиісінше өзге жиынтық кірісте немесе тікелей капиталда да танылады.

Негізгі құралдар

Қызметтерді көрсету және әкімшілік мұқтаждықтар үшін пайдаланылатын негізгі құралдар жиналған тозу мен құнсыздану залалдары шегерілген күйде Топтың өзіндік құн бойынша қаржылық жағдайы жөніндегі есепте көрсетілген.

Әуе кемелері мен құрылыс сатысындағы өзге елеулі активтерді сатып алу есебіне жасалған алғы төлемдерге қатысты пайыздар капиталға айналдырылып, осы актив құнына қосылады.

Активтің пайдалы қолданыс мерзімін ұзартатын немесе оның құнын өсіретін, сосын капиталға айналдырылатын бағдарламаларды (мысалы, әуе кемесі мен қозғалтқыштың техникалық қызметі) есептемегенде, техникалық қызмет шығындары олар орын алған кезең ішіндегі шығындар болып есептеледі.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Әуе кемелері

Әуе кемелерінің сатып алу құны АҚШ долларында көрсетілген.

Әуе кемелерінің амортизациясы орташа пайдалану мерзімі ішінде 25 жыл ішінде немесе жалдау мерзімі 25 жылдан аз болса, ешқандай қалдық құнынсыз жалдау мерзімі ішінде біркелкі әдіспен есептеледі. Операциялық цикл барысында Топ амортизацияға жататын құнның немесе пайдалы қызмет мерзімінің қайта қаралуы қажеттігін бағалайды және қажет болған жағдайда қалдық құнын бағалау қажет пе, жоқ па, соны анықтайды. Қалдық құн әуе кемелер сынықтарын өткізудің болжамды құны ретінде анықталады.

Барлық әуе кемелердің фюзеляжі мен қозғалтқыштарына жасалатын жөндеу жұмыстары капиталға айналдырылған құнды актив компоненттері ретінде есептеледі және сатып алу және келесі күрделі жөндеу жұмысы аралығындағы кезең ішінде амортизацияланады.

Күрделі жөндеу бойынша шығындар, соның ішінде қосалқы бөлшектер мен еңбек күшіне жұмсалатын шығын ұшу сағаттары мен циклдері негізіндегі күрделі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілген мерзім ішінде капиталға айналдырылып, амортизацияланады.

Өзге барлық қосалқы бөлшектер мен әуе кемесінің техникалық қызметіне жататын өзге шығындар қолданылған немесе орын алған сайын пайда не шығын ішінде танылады.

Айналмалы қосалқы бөлшектер

Айналмалы қосалқы бөлшектер негізгі құралдар құрамына енгізілген.

Мүлік, машиналар және жабдық объектісін пайдаланудан болашақта болатын экономикалық пайданы Топ алады деген ықтималдылық болып, оның құнын сенімді түрде белгілеу мүмкін болса, объект компонентін ауыстыруға байланысты шығындар осы компоненттің баланстық құны бойынша есептеледі. Техникалық қызмет пен жөндеуге жұмсалатын қазіргі барлық шығындар орын алған сайын табыстар немесе шығындар құрамына енгізіледі.

Өзге негізгі құралдар

Құнның құрамына активті сатып алуға тікелей жататын шығындар кіреді. Топтың өз күшімен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, еңбек шығындарын және негізгі құралды жұмыс күйіне келтіруге тікелей қатысы бар өзге барлық шығындарды және негізгі құралдарды қирату мен көшіру және олар орналасқан жерді қалпына келтіру құнын қамтиды. Тиісті жабдықтың функцияларын орындаудың ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алынған бағдарламалық құрал осы жабдықтың бір бөлігі ретінде капиталға айналдырылады.

Тозу

Негізгі құралдар объектілерінің тозуы осы объектілердің пайдалы қызмет ету мерзімі бойы біркелкі есептен шығару әдісімен есептеледі және кірістер немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

Төменде осы және салыстырмалы кезеңдер бойынша негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдері берілген:

Әуе кемесі (бөлек актив компоненттерінен өзге)	25 жыл;
Үйлер мен ғимараттар	14-50 жыл;
Айналмалы қосалқы бөлшектер	3-15 жыл;
Кеңсе және жаттығу жабдығы	4-20 жыл;
Көлік құралдары	7-9 жыл;
Өзгесі	2-10 жыл.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Тозу (жалғасы)

Тозу негізгі құралдардың (жер телімдерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін және әуе кемесі активінің бөлек компоненттерін қоспағанда) құнын жойылу құнын шегеріп, пайдалы қолданыстың күтілген мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару үшін есептеледі. Әуе кемесі активінің бөлек компоненттері ұшу сағаттарына және циклдері негізіндегі күрделі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілетін пайдалы қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

Пайдалы қолданыстың күтілген мерзімдері, баланстық құн және амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалардағы барлық өзгерістер есеп-қисапта салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі.

Негізгі құралдардың объектісі актив шығарылған жағдайда немесе оны әрі қарай пайдаланудан экономикалық пайда түспейді деп күтілген жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құралдардың объектілерін сатудан немесе өзгеше шығарлуынан түскен табыс немесе келген шығын осы объектілердің сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде белгіленеді және табыстар немесе шығындар ішінде танылады.

Материалдық емес активтер

Жинақталған амортизацияны және құнсыздану шығынын есептемегенде, материалдық емес активтер өзіндік құн бойынша көрсетілген. Амортизация материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісінің негізінде есептеледі. Активтердің пайдалы қызмет мерзімдері есептік кезеңнің соңында қайта қаралады және бағалардағы барлық өзгерістердің әсерін болашақта танылады. Осы және салыстырмалы кезең бойынша бағдарламалық құралдың пайдалы қызмет мерзімдері 7 және 10 жыл аралығын құрайды.

Материалдық және материалдық емес активтердің құнсыздануы

Әр есептік күні Топ өз активтерінің қазіргі құнын қайта қарастырып, активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Мұндай белгілер пайда болған жағдайда, (анықталған болса) құнсыздану залалын есептеу үшін бұл активтің өтеу құны анықталады. Жеке активтің өтеу құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Топ актив тиесілі болған бірліктің ақша ағындарын шығаратын өтем құнын анықтайды. Осылайша дәлелді және қисынды түрде салыстыру мүмкін болғанда, Топ корпоративтік активтердің кез келген шығарушы бірлікке тиесілі болуын анықтайды, әйтпесе, мұндай активтер ең төменгі құнмен сенімді түрде анықталуы мүмкін шығарушы бірліктердің ең аз тобына жатқызылады.

Өтелетін құн — сатуға жұмсалатын шығындарды және пайдалану құнын шегергендегі әділ құн ішіндегі ең үлкен құн. Пайдалану құнын бағалаған кезде, болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының қазіргі нарықтық бағаларын және ақшалай қаражаттың болашақ ағындары бағаларының түзетілуіне негіз болмаған активке тән тәуекелдерді көрсететін, салықтар шегерілгенге дейін дисконт мөлшерлемесі көмегімен қазіргі құнына дейін дисконтталады.

Активтің (немесе шығарушы бірліктің) өтелетін құны активтің қазіргі құнынан кем бағаланатын болса, онда активтің (немесе шығарушы бірліктің) қазіргі құны өтелетін құнға дейін азайтылады. Тиісті актив қайта бағаланып қойған жағдайдан (мұндай жағдайда құнсыздану шығыны қайта бағалау резервін азайту жолымен есептеледі) басқа кезде, құнсыздану шығыны табыстар немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Материалдық және материалдық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Құнсыздану шығыны кейін қалыпқа келтірілген жағдайда, активтің (немесе шығарушы бірліктің) қазіргі құны өтелетін құнның қайта қаралған мөлшеріне дейін арттырылады, бірақ алдыңғы кезеңдерде активтің (немесе шығарушы бірліктің) құнсыздануы болмағанда орын алуы мүмкін болған қазіргі құнның мөлшерінен аса алмайды. Құнсыздану шығынының қалыпқа келуі табыс немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржылық есеп-қисапта танылмайды. Олар экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуі айқын және көз жетерлік болған жағдайлардан басқа кезде қаржылық есеп-қисап ескертулерінде ашылып көрсетіледі.

Шартты активтер де қаржылық есеп-қисапта көрсетілмейді. Экономикалық пайдалардың келуі ықтимал болған кезде, олар қаржылық есеп-қисап ескертулерінде ашылып көрсетіледі.

Тауар-материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар сатып алудың іс жүзіндегі құны мен ықтимал сатудың таза бағасы арасындағы ең азы бойынша көрсетіледі. Тауарлық-материалдық қорларды есептен шығарудың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша анықталады, бұған жанармай және мұздың қатуымен күресетін сұйықтық кірмейді, себебі олардың есептен шығарылу құны орташа өлшенген құн әдісімен анықталады. Жанармай және мұздың қатуымен күресетін сұйықтық іс жүзінде пайдаланылған сайын есептен шығарылады. Ықтимал сатудың таза бағасы жөнге келтіруге жұмсалатын барлық болжалды шығындар мен сатуға жұмсалатын шығындарды шегеріп тастағандағы қорлардың есептелген сату бағасын білдіреді.

Кеден баждары, тасымал, брокерлік қызметтер, т.с.с. материалдарды сатып алған кезде орын алатын үстеме шығындар материалдардың жеке-дара есептеріне әсер етіп, тиісті материалдар пайдаланылған сайын есептен шығарылады.

Резервтер

Өткен оқиғаның нәтижесінде Топтың (заңдық немесе келісімшарттық) міндеттемесі болғанда және Топ осындай міндеттемені өтеуге міндетті болады деген ықтималдылық жоғары болғанда, ал осындай міндеттеменің мөлшерін сенімді түрде бағалауға болғанда, резервтер қаржылық жағдай жөніндегі есепте танылады.

Резерв болып танылатын сома осы жағдайдан туындайтын барлық тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарды назарға алғанда есептік күні бар болған міндеттемелерді өтеу бойынша ең жақсы баға болып табылады. Резервтер міндеттемелерді өтеуге қажетті ақшалай ағындардың көмегімен бағаланған жағдайда, олардың баланстық құны осындай ақшалай ағындардың қазіргі құны болып табылады.

Міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық игіліктердің бір бөлігі немесе барлығын үшінші тұлға өтейтін жағдайда, Топ дебиторлық берешекті өтем алынады деген ықтималдылық әжептәуір жоғары болғанда және өтемнің мөлшерін жеткілікті түрде дәл анықтау мүмкін болғанда актив ретінде таниды.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Резервтер (жалғасы)

Операциялық жал аясында алынған, әуе кемелерінің техникалық қызметі бойынша резерв

Топ жасаған операциялық жал жөніндегі келісімшарттардың талаптарына және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық талаптарға сәйкес, Топ әуе кемелеріне жүйелі техникалық қызмет көрсетуге міндетті. Операциялық жал жөніндегі келісімшарттарда әуе кемелерін жал мерзімі аяқталғанда лизинг берушіге қанағаттанарлық күйде қайтару талап етіледі, ал бұл қайтарудың алдында белгілі рәсімдерді орындауды талап етуі мүмкін. Топтың әуе кемелеріне жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету бағдарламасы әуе кемесін қайтару кезінде шығындардың туындау жағдайларын азайтуға арналған. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің негізгі түрлері әуе кемесінің корпусына (С-чек, D-чек бағдарламалары және қайтаруға дейінгі дайындық деп те аталады) және қозғалтқышына қатысты болады. С-чек дегеніміз — бекітілген уақыт аралығында көрсетілетін егжей-тегжейлі техникалық қызмет. Әуе кемесінің түріне қарай С-чек 6,000–12,000 ұшу сағаты сайын немесе 3,000–8,000 ұшу циклі және 18–36 ай сайын (екеуінің ерте орын алғаны) жүргізіледі.

D-чек (4C, 6YR, 12YR) дегеніміз — әуе кемесін бөлшектеуге, конструкциясын тексеруге және антикоррозиялық бағдарламаға қатысты егжей-тегжейлі техникалық қызмет. D-чек әуе кемесінің түріне қарай 72 ай сайын жүргізіледі. Қозғалтқышты жөндеу жұмыстары ұшу сағаттарының немесе циклдерінің белгіленген саны өткеннен кейін жүргізіледі. Меншік құқығын бермейтін лизингтің кей келісімшарттары Топ жалға берушісі қозғалтқыштың жөндеу жұмыстарынан кейін өтеуге тиісті жалгерлік төлемнің ауыспалы құрамдас бөлігін қамтиды.

Жалдың ауыспалы құрамдас бөлігі бойынша шығындар орын алған кездегі табыстар немесе шығындар құрамындағы шығындар ретінде танылады. Өзге меншік құқығын бермейтін лизинг келісімшарттары жағдайында, жалгерлік төлемнің ауыспалы құрамдастарын (белгілі жағдайлар орындалғанда) әуе кемелерін қайтару бойынша орындалмаған барлық міндеттемелерді жабу үшін қамтым ретінде алынған аккредитивтер жабады және жалдың ауыспалы бөлігінің тиісті сомалары резервтердің құрамына қосылған. С-чек жөндеуі бойынша резервтер Топ басшылығының бағаларына сай болашақ жөндеу жұмыстарының шығындары құрамында көрсетіледі және тұрақты түрде есептеледі. Қозғалтқышты жөндеу бойынша резервтер жалға беруші өтейтін сомадан жөндеу жұмыстарына кететін іс жүзіндегі шығындардың асып кету мөлшері жөніндегі Топ басшылығының бағаларына сай көрсетіліп, тұрақты түрде есептеледі. Топтың әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша міндеттемелері АҚШ доллары түрінде көрсетілген. Техникалық қызмет көрсету шығындары күтілетін өтемақыларды шегере отырып көрсетілген.

Әуе кемесін пайдалануға (ұшу сағаттары немесе ұшу циклдары) байланысты жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстары үшін Топ әуе кемесін пайдалану кезінде кезең-кезеңімен резерв құрады.

Әрбір негізгі техникалық қызмет көрсету тапсырмасының күтілетін құны бағаланады және тиісті техникалық қызмет көрсету аралығына бөлінеді (ұшу сағаттарымен, ұшу циклдарымен немесе қолданылуына қарай күнтізбелік уақытпен). Ұшу сағатына немесе ұшу цикліне шаққандағы шығын мөлшерлемесі анықталады және соңғы техникалық қызмет көрсету тапсырмасынан бері жинақталған нақты пайдалану негізінде резерв есептеледі.

Жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары (әуе кемені пайдалануға байланысты емес)

Әуе кемесін жалға берушілерге қайтарғанға дейін дереу жасалуы керек қалпына келтіру жұмыстарымен байланысты шығындар, мысалы, әуе кемесінің корпусын бояу немесе күрделі жөндеу келісім-шарт жасалған сәттен бастап резервтік қаражат ретінде танылады. Осы ережелердің аналогы әуе пайдалану құқығындағы активтердің бастапқы баланстық құнына қосымша ретінде ескеріледі. Пайдалану құқығы түріндегі активке осы қосымша жалдау мерзімі ішінде амортизацияланады.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Қаржы құралдары

Тану және алғашқы бағалау

Саудалық дебиторлық берешек бастапқыда орын алған сәтте танылады. Өзге барлық қаржы активтері мен міндеттемелері бастапқыда Топ мәнін көрсетілген құралдар құрайтын келісімшарттық қарым-қатынасқа кіргенде танылады.

Қаржылық актив (ол құрамында қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ саудалық дебиторлық берешек болмаған жағдайда) немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ емес құнмен бағаланатын есеп объектісі үшін пайда немесе шығын арқылы, оған қоса оны сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәміленің шығындар сомасы бойынша бағаланады. Құрамында қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ саудалық дебиторлық берешек бастапқыда мәміле бағасымен бағаланады.

Жіктеу және кейін бағалау

Қаржылық активтер

Бастапқы тану кезінде қаржылық актив өлшенген ретінде жіктеледі: амортизацияланған құны бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша - борыштық құралдар үшін, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша - үлестік құралдар үшін немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша.

Қаржылық активтер бастапқы танудан кейін қайта жіктеледі, егер Топ қаржылық активтерді басқару бизнес үлгісін өзгертсе, бұл жағдайда барлық қаржылық активтер бизнес-модель өзгергеннен кейінгі бірінші есепті күннің бірінші күнінде қайта жіктеледі.

Қаржы активі амортизацияланған құны бойынша бағаланады, егер ол төмендегі шарттардың екеуіне де сәйкес келсе және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе:

- Ол мақсаты шартта қарастырылған ақшалай қаражат ағынын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес модель шеңберінде ұсталады; және
- Оның шарттық талаптары бойынша белгіленген мерзім ішінде тек негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің сыйақысын төлеу болып табылатын ақшалай қаражат ағынының пайда болуы қарастырылған.

Борыштық құралға салынған инвестиция, егер ол келесі шарттардың екеуіне де сәйкес келсе және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- Ол мақсаты шартта қарастырылған ақшалай қаражат ағынын алу арқылы және қаржылық активтерді сату арқылы орындалатын бизнес модель шеңберінде ұсталады; және
- Оның шарттық талаптары бойынша белгіленген мерзім ішінде тек негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің сыйақысын төлеу болып табылатын ақшалай қаражат ағынының пайда болуы қарастырылған.

Саудаға арналмаған үлестік құралдарға құйылатын инвестицияларды бастапқыда таныған кезде, Топ өз пайымына сай өзге жиынтық кіріс құрамында олардың әділ құны өзгерістерін ұсыну шешімін қабылдай алады, бірақ кейін одан бас тарту құқығы болмайды. Осы таңдау әр инвестицияға бөлек жасалады.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Жіктеу және кейін бағалау (жалғасы)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Тозу құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау шарттарына сәйкес келмейтін барлық қаржылық активтер пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Бұған барлық туынды қаржылық активтер кіреді. Бұл тәсіл басқаша жағдайда туындайтын есеп сәйкессіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, бастапқы тану кезінде Топ өз ұйғарымы бойынша амортизациялық құны немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау шарттарына сәйкес келетін қаржылық активті пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеуі мүмкін, бірақ кейін қайта жіктеу құқығы болмайды.

Қаржылық активтер — бизнес-модельді бағалау

Топ активті қаржы құралдары қоржыны деңгейінде ұстап тұратын бизнес модель мақсатын бағалайды, өйткені бұл бизнесті басқару мен басшылыққа ақпарат ұсыну тәсілін ең жақсы түрде білдіреді. Бұл ретте келесі ақпарат қаралады:

- Осы қоржын үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сонымен қатар осы саясаттардың практикадағы әрекеті. Оның құрамына келісімшартта қарастырылған пайыздық кірісті алу бойынша басшылықтың стратегиясы, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі құрылымын қолдау, осы активтерді қаржыландыруға пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімі мен қаржылық активтерді өтеу мерзімдерінің сәйкестігін қамтамасыз ету немесе ақшалай қаражаттың күтілген кетуі немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын жүзеге асыру кіреді;
- Қоржын нәтижелігінің бағалану жолы және осы ақпараттың Топ басшылығына жеткізілу жолы;
- Бизнес модельдің (және осы бизнес модель аясында ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдердің басқарылу жолы;
- Қоржынды басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақының берілу жолы (мысалы, бұл сыйақының көрсетілген активтердің әділ құнына немесе келісімшартта қарастырылған ақша ағындарының активтері бойынша алынғанға тәуелділігі);
- Бұрынғы кезендердегі қаржылық активтерді сату жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатулардың себептері және болашақ сату деңгейіне қатысты болжамдар.

Тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келмейтін мәмілелер бойынша қаржы активтерін үшінші тараптарға беру осы мақсат үшін сату болып саналмайды және Топ осы активтерді тануды жалғастырады.

Сауда үшін ұсталатын немесе басқаруда болған және нәтижелігі әділ құны негізінде бағаланатын қаржылық активтер пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

Қаржылық активтер — келісімшартта қарастырылған ақша қаражатының ағындары негізгі сома мен пайыздардың төлемі ғана болып-болмағанын бағалау

Бұл бағалау процесі мақсаттарында «негізгі сома» бастапқы танылуы кезінде қаржылық активтің әділ құны болып белгіленеді. «Пайыздар» уақытша белгілі уақыт аралығында өтелмеген болып қала беретін негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және басқа кредиттеуге қатысты (мысалы өтімділік қаупі және әкімшілік шығындар) негізгі тәуекелдер мен шығындар үшін ақшаның уақытша құны бойынша өтем болып белгіленеді, сондай-ақ пайданың маржасын қамтиды.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Қаржылық активтер — келісімшартта қарастырылған ақша қаражатының ағындары негізгі сома мен пайыздардың төлемі ғана болып-болмағанын бағалау (жалғасы)

Келісімшартта қарастырылған ақша ағындары негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігі пайыздарының («SPPI критерийі») төлемі ғана болып-болмағанын бағалаған кезде, Топ қаржы құралының келісімшарттық талаптарын талдайды. Бұған қаржылық активтің құрамында келісімшартта қарастырылған мерзімдерді немесе соманы қаржылық актив талданатын талапқа сәйкес келмейтіндей өзгерте алатын келісімшарттық талаптың бар-жоғын бағалау кіреді. Бағалаған кезде Топ төмендегілерді талдайды:

- Ақшалай қаражат мерзімдері мен ағындарының сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- Келісімшартта қарастырылған купондық мөлшерлемені, соның ішінде ауыспалы мөлшерлеме жөніндегі талапты түзете алатын шарттар;
- Мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы шарттар; және
- Топтың талаптарын ескертілген активтерден ақша ағындарымен шектейтін шарттар (мысалы, регресс құқығы жоқ қаржылық активтер).

Мерзімінен бұрын өтеу шарты мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома шын мәнінде негізгі соманың өтелмеген бөлігі мен өтелмеген бөлігінің пайыздары болып, келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатудың қисынды қосымша өтемақысын қамтуы мүмкін болған жағдайда SPPI критерийіне сәйкес келеді. Сонымен қатар, мерзімінен бұрын өтеу шарты қаржылық актив келісімшартта көрсетілген номинал сомаға қатысты дисконтпен немесе сыйақымен сатып алынғанда немесе құрылғанда, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге тиісті сома шын мәнінде келісімшартта көрсетілген номинал сомамен қатар келісімшартта қарастырылған есептелген (бірақ төленбеген) пайыздары болғанда (және келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату үшін қисынды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін) және қаржылық активті бастапқы таныған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу шартының әділ құны елеусіз болғанда осы критерийге сәйкес келеді деп қарастырылады.

Қаржылық активтер — кейін бағалау және пайда мен шығын

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер кейін әділ құны бойынша бағаланады. Пайданың немесе шығынның таза шамасы, соның ішінде кез келген пайыздық кіріс пен дивидендтер кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында танылады.
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн құнсыздану шығындарының көлеміне төмендейді. Пайыздық кіріс, оң және теріс бағамдағы айырмалар және құнсыздану сомалары пайда немесе шығын құрамында танылады. Тануды тоқтатудан түскен кез келген пайда немесе шығын кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында танылады.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Қаржылық активтер — келісімшартта қарастырылған ақша қаражатының ағындары негізгі сома мен пайыздардың төлемі ғана болып-болмағанын бағалау (жалғасы)

Қаржылық активтер — кейін бағалау және пайда мен шығын

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға құйылатын инвестициялар	Бұл активтер кейін әділ құны бойынша бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс, оң және теріс бағам айырмалары және құнсыздану сомалары пайда немесе шығын құрамында танылады. Пайданың немесе шығынның өзге таза шамалары өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Тануды тоқтатқаннан кейін, өзге жиынтық кіріс құрамында жинақталған пайда немесе шығын кезең ішіндегі пайдаға немесе шығын санатына қайта жіктеледі.
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға құйылатын инвестициялар	Бұл активтер кейін әділ құны бойынша бағаланады. Дивиденд инвестицияның бастапқы құнының бір бөлігін өтеу болғаны айқын болмағанда ғана, дивидендтер кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамындағы кіріс ретінде танылады. Пайданың немесе шығынның өзге таза шамалары өзге жиынтық кіріс құрамында танылады және ешқашан кезең ішіндегі пайда немесе шығын санатына қайта жіктелмейді.

Қаржылық міндеттемелер - жіктеу, кейінгі бағалау және пайда мен шығындар

Қаржылық міндеттемелер амортизациялық құн бойынша немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Саудаға арналған деп жіктелсе, қаржылық міндеттеме пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі (бұл — туынды құрал), немесе оны ұйым бастапқы танығанда өз пайымы бойынша солай жіктейді.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер әділ құн бойынша бағаланады, ал пайданың немесе шығынның нетто шамалары, соның ішінде кез келген пайыздық шығын пайда немесе шығын құрамында танылады. Барлық қаржылық міндеттемелер кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен амортизациялық құны бойынша бағаланады. Пайыздық шығын, оң және теріс бағамдағы айырмалар пайда немесе шығын құрамында танылады. Тануды тоқтатқанда орын алатын барлық пайда немесе шығын да пайда немесе шығын құрамында танылады.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер шарттарын түрлендіру

Қаржылық активтер

Қаржылық активтің шарттары өзгерсе, Топ мұндай түрлендірілген актив бойынша қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болып-болмайтынын бағалайды. Қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болса («шарттардың елеулі түрде түрлендірілуі»), бастапқы қаржылық актив бойынша келісімшартта қарастырылған қаражат ағындарына қатысты құқық мерзімі аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылып, есепте әділ құн бойынша жаңа қаржылық актив танылады.

Топ шарттар елеулі түрде түрлендіріліп-түрлендірілмейтінін сандық және сапалық тұрғыдан бағалайды, яғни бастапқы қаржылық актив бойынша қаражат ағындары мен түрлендірілген немесе оның орнын басқан қаржылық актив бойынша қаражат ағындары арасында айтарлықтай айырмашылық бар-жоғын анықтайды. Топ сапалық факторларды, сандық факторларды және сандық пен сапалық факторлардың жиынтық әсерін талдап, шарттардың елеулі түрде түрлендірілгенін сандық және сапалық тұрғыдан бағалайды. Ақшалай қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болса, бастапқы қаржылық актив бойынша келісімшартта қарастырылған қаражат ағындарына қатысты құқық мерзімі аяқталды деп есептеледі. Мұндай бағалау кезінде Топ аналогия бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер шарттарын түрлендіру (жалғасы)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Келесі сапалық факторлар негізінде Топ шарттар елеулі түрде түрлендірілді деген қорытынды шығарады:

- Қаржылық актив валютасының өзгеруі;
- Қамтым түрінің немесе актив сапасын арттырудың өзге құралдарының өзгеруі.

Амортизациялық құн бойынша бағаланатын түрлендірілген актив бойынша қаражат ағындары елеулі түрде өзгеше болмаса, шарттардың ондай түрлендірілуі қаржылық актив танылуының тоқтатылуына себеп болмайды. Мұндай жағдайда Топ қаржылық активтің жалпы баланстық құнын қайта есептеп, жалпы баланстық құн сомасын пайда немесе шығын құрамында түрлендіруден болған пайда немесе шығын ретінде таниды. Қаржылық активтің жалпы баланстық құны осы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып дисконтталған қайта қаралған немесе түрлендірілген қаражат ағындарының келтірілген құны ретінде қайта есептеледі. Орын алған шығындар мен комиссиялар түрлендірілген қаржылық активтің баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржылық активтің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеменің шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша қаражат ағындарының шамасы елеулі түрде түрленетіндей өзгергенде, Топ қаржылық міндеттемегі тануды тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген шартты жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттемелердің баланстық құны мен жаңа түрлендірілген шартты қаржылық міндеттемелердің құны арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

Шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені танудың тоқтатылуына себеп болмаса, шарттарды түрлендіру жағдайы қаржылық активтің танылуын тоқтатуға себеп болмағанда Топ қаржылық активтің жалпы баланс құнын түзетуге қатысты тәсілге сәйкес келетін есептік саясатын қолданады, яғни Топ осындай түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде пайда болатын қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнының барлық түзетуін шарттар түрлендірілген (немесе қаржылық міндеттеме ауыстырылған) күндегі пайда немесе шығын құрамында таниды.

Келісімшарттың қазіргі шарттарының салдары болса Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) мөлшерлемелердің, Қамтамасыз етілген Овернайт қаржыландыру мөлшерлемесі (SOFR)-дың өзгеруіне байланысты, қолданыстағы қаржылық міндеттемелер бойынша ақшалай қаражат ағындары шамасының өзгерістері шарттардың түрлендірілуі болып есептелмейді. Нарықтағы жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде пайыздық мөлшерлеменің нарық деңгейіне дейін өзгерісін Топ құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар құралдарға қолданылатын есеп тәртібімен есептейді, яғни пайыздық мөлшерлеме болашақта қайта қаралады.

Топ сапалық факторларды, сандық факторларды және сандық пен сапалық факторлардың жиынтық әсерін талдап, шарттардың елеулі түрде түрлендірілгенін сандық және сапалық тұрғыдан бағалайды. Келесі сапалық факторлар негізінде Топ шарттар елеулі түрде түрлендірілді деген қорытынды шығарады:

- Қаржылық міндеттеме валютасының өзгеруі;
- Қамтым түрінің немесе міндеттеме сапасын арттырудың өзге құралдарының өзгеруі;
- Айырбастау шартының қосылуы;
- Қаржылық міндеттеме субординациясының өзгеруі.

3. Есеп саясатының елеулі қағидаттары (жалғасы)

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер шарттарын түрлендіру (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Ақшалай қаражат ағынының келтірілген құны жаңа шарттарға сәйкес, соның ішінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменен дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақысыз комиссиялық сыйақының төлемдері бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған қаражат ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10%-ға өзгеше болса, сандық бағалау процесін өткізу мақсаттары үшін шарттар елеулі түрде өзгеше болып есептеледі. Бір борыштық құралды басқасымен ауыстыру немесе оның шарттарын түрлендіру жағдайы есепте өтем болып көрсетілсе, онда орын алған шығындар мен комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден түскен пайда немесе шығын бөлігі болып танылады. Бір борыштық құралды басқасымен ауыстыру немесе оның шарттарын түрлендіру жағдайы есепте өтем болып көрсетілмесе, онда тиісті міндеттеменің баланстық құны орын алған шығындар мен комиссиялар сомасына түзетіледі және бұл түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Топ қаржы активін тануды ол осы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағынына шартта көзделген құқықтарын жоғалтқан не ол осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдалар екінші Тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу құқығын берген немесе осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың елеулі бөлігін берген, не сақтаған кезде тоқтатады, бірақ қаржылық активті бақылауды сақтамайды.

Топ олардың талаптары бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған активтерді беретін мәмілелер жасайды, бірақ бұл ретте берілген активтерге меншік құқығынан туындайтын барлық немесе іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы сақтайды. Мұндай жағдайларда берілген активтерді тану тоқтатылмайды.

Қаржылық міндеттемелер

Топ ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күші жойылған немесе тоқтатылған кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Топ сондай-ақ оның шарттары түрлендірілген және осындай түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша ағындарының шамасы айтарлықтай ерекшеленетін кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады және мұндай жағдайда пайда болатын түрлендірілген шарттарға негізделген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады.

